

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде
«Болашақтың балалары» республикалық интернет-байқауды
қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Болашақтың балалары» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: білім алушыларды шығармашылық қызметке тарту, дарынды балаларды анықтау және қолдау, оларды танымдық қызығушылықтарға ынталандыру.

Міндеттері:

- жасөспірім ұрпақтың патриоттық және әсемдік, адамгершілік, рухани деңгейін көтеруге қолдау көрсету;

- балалар және жасөспірімдер арасында тұрақты отбасы образын қалыптастыру, отбасы тарихын ұғыну арқылы, отбасы құндылығын және салт- дәстүрін нығайту.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары **2020 жылғы 5 мамырдан 8 шілдеге** дейін rumcdo0520@mail.ru электрондық поштаға қабылданады. Байқауға **2020 жылғы 8 шілдеден кейін** түскен және Ережеге сәйкес келмеген байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқау қорытындысы, жеңімпаздар дипломдары мен қатысушылар сертификаттары **2020 жылғы 15 шілдеде** www.ziyatker.org сайтына орналастырылады.

6. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты БАҚ-та жариялауға құқылы.

Анықтама телефондары: **87788564988** («Болашақтың балалары» байқауы).

7. Байқауға қатысу үшін 1500 (бір мың бес жүз) теңге төлемақы төленеді.

1) Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК

(резидент - 19).

БИН 990140004733

ИИККZ918560000005068448 БИК КСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

АО БанкЦентрКредит

Төлемақы аталуы: **«Болашақтың балалары»** байқауы. (Жіберуші: резидент 19)

2) **Kaspi.kz** арқылы жүргізіледі: 1) *Kaspi.kz* тіркелу; 2) «Платеж» бөлімі «Образование»; 4) «Школы»; 5) «**Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования**»; 6) қатысушы туралы мәлімет енгізу және төлем сомасын көрсету; 7) төлем түрін көрсету (*Kaspi gold, Kaspi депозит, Kaspi кошелек, Кредитная карта*); 8) төлем жасау.

8. Байқауға қатысу үшін rumcd0520@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

1) 1-қосымшаға сәйкес өтінімді;

2) сканерден өткізілген төлемақы құжаты (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);

3) байқауға қатысатын жұмыс.

3. Қатысушылар және байқауға қойылатын талаптар

9. Ұсынылған жұмыстар байқаудың тақырыбына, мақсатына және міндеттеріне сәйкес болуы керек.

10. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру мекемелерінің 18 жасқа дейінгі білім алушылары қатыса алады:

кіші жас санаты: 6 жасқа дейінгі балалар; кіші жас санаты: 7-10 жас;

орта жас санаты: 11-14 жас;

ересек жас санаты: 15-18 жас.

11. Ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстар байқауы келесі номинациялар бойынша қабылданады:

- «**Өнертапқыштық шеберлік**» (сурет, жазу таңбалары, көркем сурет);
Байқауға жұмыстардың фотосуреттері қабылданады (jpeg форматында кемінде 4 дана).

- «**Әдеби шығармашылық**» (эссе, проза немесе өлең түрінде).

12. Байқау жұмысының мәтіндік сипаттамасы электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде А4 форматында, сол жағы - 3 см, оң жағы - 1,5 см, жоғарғы және төменгі - 2 см, мәтіндік редакторы Word (кем дегенде Word 97), Times New Roman - 12 қаріп, 1 жоларалық интервалмен ұсынылады.

Байқау жұмысының титул парағын және тезистерді ресімдеу үлгісі 2-қосымшада.

13. Байқаудың бағалау өлшемдері:

- байқау жұмысы мазмұнының байқау тақырыбына, номинациясына сәйкестігі;

- тақырыптың толық ашылуы;
- нақтылығы, материалды баяндау айқындығы және логикасы;
- жаңашылдығы;
- байқау жұмыстарының ресімдеу ережелеріне сәйкестігі.

14. Байқауға қатысушы бір немесе бірнеше номинацияларда қатыса алады. Қатысушыдан әр номинацияға бір ғана жұмыс қабылданады. Төлемақы әр номинацияға өздік жұмыс ретінде төленеді.

15. Басқа адамдардың және интернеттен алынған материалдарды пайдалануға қатаң тыйым салынады. Байқау жұмысы бұған дейін интернетте жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

16. Байқау қорытындысы бойынша әділ қазы мүшелері жеңімпаздарды анықтайды.

17. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хаттарпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары **www.ziyatker.org** сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: **87788564988** («Болашақтың балалары» байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Болашақтың балалары» байқауы → әрі қарай.

Байқауға қатысушы туралы мәлімет

Қатысушының аты- жөні	Жасы	Мекен жайы	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Байқаудың аталуы, номинациясы тақырыбы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)	Жетекшісінің толық аты- жөні, жұмыс орны, лауазымы	Жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7	8